# Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар

# Дүниетану

# 2-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 2-сынып білім алушыларына «Дүниетану» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) бастауыш сыныптың (1-4-сыныптары) «Дүниетану» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

**Мазмұны**


1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ............4

«Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............4

«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............7

1-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы ............10

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ............15

«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............15

«Туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............18

2-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы ............21

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ............27

«Дені саудың – жаны сау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............27

«Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............30

3-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы ............33

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ............39

«Қоршаған орта» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............39

«Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау............42

4-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы ............45

## 1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### «Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

| | |
|---|---|
| **Бөлімше** | 1.1 Менің отбасым |
| **Оқу мақсаты** | 2.1.1.2 Мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру<br>2.1.1.3 Түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау<br>2.1.1.4 Бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау |
| **Бағалау критерийі** | *Білім алушы*<br>• Отбасылық және жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтайды<br>• Отбасы қажеттіліктеріне мысал келтіреді |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну<br>Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 15 минут |

**Тапсырма**

1. Суреттерге мұқият қара. Қандай әдептілік ережелері бейнеленген? Жаз.







______________________ ______________________ ______________________
______________________ ______________________ ______________________
______________________ ______________________ ______________________
______________________ ______________________ ______________________
______________________

2. Өз отбасыңның қажеттіліктеріне мысал келтір.

1) ________________________________
2) ________________________________
3) ________________________________

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Отбасылық және жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтайды | 1 | қоғамдық орындардағы мінез- құлық ережесіне мысал келтіреді; | 1 |
| | | жалпыға ортақ әдеп нормасын анықтайды; | 1 |
| | | отбасылық әдеп нормасына мысал келтіреді; | 1 |
| Отбасы қажеттіліктеріне мысал келтіреді | 2 | отбасы қажеттіліктеріне бір мысал келтіреді; | 1 |
| | | отбасы қажеттіліктеріне екінші мысал келтіреді; | 1 |
| | | отбасы қажеттіліктеріне үшінші мысал келтіреді. | 1 |
| **Барлығы** | | | **6** |

**«Өзім туралы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні** ____________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Оқу жетістіктерінің деңгейі** | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Отбасылық және жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтайды | 1 | Отбасылық және жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтауда қиналады ☐ | Отбасылық / жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтауда қателеседі ☐ | Отбасылық және жалпыға ортақ әдеп нормаларын дұрыс анықтайды ☐ |
| Отбасы қажеттіліктеріне мысал келтіреді | 2 | Өз отбасының қажеттіліктерін анықтауда қиналады ☐ | Өз отбасының қажеттіліктерін анықтауда қате жібереді ☐ | Өз отбасының қажеттіліктерін дұрыс анықтайды ☐ |

**«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

| | |
|---|---|
| **Бөлімше** | 1.5 Құқық және міндет<br>3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм |
| **Оқу мақсаты** | 2.1.5.1 Өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату<br>2.1.5.2 Қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру<br>2.3.5.3 Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру |
| **Бағалау критерийі** | *Білім алушы*<br>• Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады<br>• Қоғамға қызмет көрсетудің мысалдарын анықтайды<br>• Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын анықтайды |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну<br>Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 15 минут |

**Тапсырма**

1. Сөйлемдерді тиісті ұғымдармен сәйкестендір.

Кішілерге қамқор болу.
Білім алу.
Өз пікірін білдіру.
Үлкендерді сыйлау.

**Құқық**

**Міндет**

2. Жауапкершілікті білдіретін сөйлемді белгіле (✓).

1) Мұғалімнің берген тапсырмасын толық орындадым. ☐

2) Дүкеннен нан әкелуді ұмытып кетіппін. ☐

3) Табиғатқа қамқорлық жасап жүруге тиіспін. ☐

3. Суреттерге қара. Қоғамға қызмет ету әрекеттері бейнеленген суреттерді белгіле (✓).

  

4. Суретке қара. Мағынасы суретке сәйкес келетін 2 мақалды анықта.



1) Достық жоқ жерде табыс жоқ.
2) Сабыр түбі - сары алтын.
3) Татулық - табылмас бақыт.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады | 1 | құқықты анықтайды; | 1 |
| | | міндетті анықтайды; | 1 |
| | 2 | жауапкершілікті анықтайды; | 1 |
| Қоғамға қызмет көрсетудің мысалдарын анықтайды | 3 | қоғамға қызмет ету жағдайы бейнеленген бірінші суретті белгілейді; | 1 |
| | | қоғамға қызмет ету жағдайы бейнеленген екінші суретті белгілейді; | 1 |
| Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын анықтайды | 4 | мағынасы суретке сәйкес болатын бір мақалды анықтайды; | 1 |
| | | мағынасы суретке сәйкес болатын екінші мақалды анықтайды. | 1 |
| **Барлығы** | | | **7** |

**«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні** ________________________________________

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Төмен | Орта | Жоғары |
| Жеке мысалдарының негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті ажыратады | 1 | Құқық, міндет және жауапкершілікті анықтауда қиналады ☐ | Құқық / міндет / жауапкершілікті анықтауда қателіктер жібереді ☐ | Жеке мысалдардың негізінде құқық, міндет және жауапкершілікті дұрыс анықтайды ☐ |
| Қоғамға қызмет көрсетудің мысалдарын анықтайды | 2 | Қоғамға қызмет көрсету жағдайларының мысалдарын анықтауда қиналады ☐ | Қоғамға қызмет көрсету жағдайларының мысалдарын анықтауда қателеседі ☐ | Қоғамға қызмет көрсету жағдайларының мысалдарын дұрыс анықтайды ☐ |
| Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын анықтайды | 3 | Мағынасы суретке сәйкес болатын мақалдарды анықтауда қиналады ☐ | Мағынасы суретке сәйкес болатын мақалдарды анықтауда қателеседі ☐ | Мағынасы суретке сәйкес болатын мақалдарды дұрыс анықтайды ☐ |

# 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

## 1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 2-сыныпта «Дүниетану» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

## 2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

## 3. 1- тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**3.1 Ұзақтығы -** 40 минут
**Балл саны -** 15

### 3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 6 тапсырмадан тұрады.

Көп таңдауы бар сұрақтарда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушы сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

| № | Ортақ тақырып | Бөлімше | Оқу мақсаты | Тапсымалар сипаттамасы | Тапсырма саны | Жалпы балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өзім туралы | 1.1 Менің отбасым | 2.1.1.1 Отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау | Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін ашық түрдегі тапсырманы орындайды | 1 | 2 |
| | | | 2.1.1.2 Мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру | Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін ашық түрдегі тапсырманы орындайды | 1 | 2 |
| | | | 2.1.1.3 Түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау | Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін ашық түрдегі тапсырманы орындайды | 1 | 3 |
| 2 | Менің отбасым және достарым | 1.5 Құқық және міндет | 2.1.5.1 Өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату | Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін ашық түрдегі тапсырманы орындайды | 1 | 3 |
| | | 1.5 Құқық және міндет | 2.1.5.2 Қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру | Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін ашық түрдегі тапсырманы орындайды | 1 | 2 |
| | | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және отансүйгіштік | 2.3.5.3 Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру. | Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін ашық түрдегі тапсырманы орындайды | 1 | 3 |

**4. Тапсырма үлгілері және балл қою кестесі**

**«Дүниетану» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

**1. Өз отбасыңның бір мүшесін сипаттап жаз.**

Сырт келбеті ________________________________________________

Мінез-құлқы ________________________________________________

[2]

**2. Суреттерге қара. Қандай әдептілік ережелері бейнеленген? Жаз.**





______________________  ______________________
______________________  ______________________
______________________  ______________________

[2]

**3. Суретке қара. Суретке сәйкес болатын 3 сөздің астын сыз.**



**СЫЙЛАСТЫҚ РЕНІШ БАҚЫТ КӨҢІЛСІЗДІК ҚАМҚОРЛЫҚ**

[3]

4. **Сөйлемді толықтыр.**




5. **Іс-әрекеттерді нәтижесімен сәйкестендір.**

| | |
|---|---|
| Гүл отырғызу | Еліміз бейбіт өмір сүреді. |
| | Аула әдемі болады. |
| Отанды қорғау | Мектепте қызықсыз болады. |

[2]

**6. Қазақстанда қандай ұлттар өмір сүреді? 3 мысал келтір.**

1) ____________________
2) ____________________
3) ____________________

[3]

**Балл қою кестесі**

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпарат |
|---|---|---|---|
| 1 | *Білім алушының ықтимал жауабы:* Бойы ұзын/көзі қара/шашы қысқа. | 1 | Кез келген дұрыс жауап қабылданады. |
| | *Білім алушының ықтимал жауабы:* Мейірімді/қамқоршы/көңілді | 1 | Кез келген дұрыс жауап қабылданады. |
| 2 | Үлкендерге орын беру / орын беру керек/орын беру | 1 | Кез келген дұрыс жауап қабылданады. |
| | Жолдан өтуге көмектесу / үлкендерге көмектесу/көмектесу | 1 | Кез келген дұрыс жауап қабылданады. |
| 3 | СЫЙЛАСТЫҚ | 1 | |
| | БАҚЫТ | 1 | |
| | ҚАМҚОРЛЫҚ | 1 | |
| 4 | өмір сүруге | 1 | Кез келген дұрыс жауап қабылданады. |
| | демалуға | 1 | |
| | білім алуға | 1 | |
| 5 | Гүл отырғызу → Аула әдемі болады.<br>Отанды қорғау → Еліміз бейбіт өмір сүреді.<br>Мектепте қызықсыз болады. | 2 | Әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі. |
| 6 | Қазақтар | 1 | Кез келген дұрыс жауап қабылданады. |
| | Орыстар | 1 | |
| | Өзбектер | 1 | |
| **Барлығы** | | **15** | |

## 5. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

## 6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

**2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**

**«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

| | |
|---|---|
| **Бөлімше** | 1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы |
| **Оқу мақсаты** | 2.1.2.1 Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру<br>2.1.2.3 Мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру |
| **Бағалау критерийі** | *Білім алушы*<br>- Мектептегі оқу  және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды<br>- Оқу әрекеттерінің қызметін атайды<br>- Мектеп қауымдастығындағы мінез-құлық нормаларын анықтайды |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну<br>Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 15 минут |

**Тапсырма**

1. Балалар спорттық секцияларға не үшін қатысады ? 2 себебін жаз.
   1) ____________________
   2) ____________________

2. Мысалдарды оқы. Сабақта балалар тағы немен айналысады? Жаз.



3. Топта жұмыс істеу ережелерін белгіле (✓).

1) Әр адамның пікірін тыңдау. ☐
2) Бір-бірінің сөзін бөлу. ☐
3) Бірлесе жұмыс істеу. ☐
4) Басқаның пікірін құрметтеу. ☐
5) Жұмысқа қатыспау. ☐
6) Ортақ шешім қабылдау. ☐

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Мектептегі оқу және оқудан тыс | 1 | спорттық секцияға қатысудың бірінші себебін жазады; | 1 |
| әрекет түрлерін анықтайды | | спорттық секцияға қатысудың екінші себебін жазады; | 1 |
| Оқу әрекеттерінің қызметін атайды | 2 | мектептегі оқу әрекетіне бір мысал келтіреді; | 1 |
| | | мектептегі оқу әрекетіне екінші мысал келтіреді; | 1 |
| Мектеп | 3 | топта жұмыс істеу ережесін белгілейді (1); | 1 |
| қауымдастығындағы мінез-құлық нормаларын анықтайды | | топта жұмыс істеу ережесін белгілейді (3); | 1 |
| | | топта жұмыс істеу ережесін белгілейді (4); | 1 |
| | | топта жұмыс істеу ережесін белгілейді (6). | 1 |
| **Барлығы** | | | **8** |

**«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні** ________________________________________

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды | 1 | Мектептегі оқудан тыс әрекеттердің себептерін анықтауда қиналады ☐ | Мектептегі оқудан тыс әрекеттердің себептерін анықтауда қателіктер жібереді ☐ | Мектептегі оқудан тыс әрекеттердің себептерін дұрыс анықтайды ☐ |
| Оқу әрекеттерінің қызметін атайды | 2 | Мектептегі оқу әрекеттерінің түрлерін анықтауда қиналады ☐ | Мектептегі оқу әрекеттерінің түрлерін анықтауда қателіктер жібереді ☐ | Мектептегі оқу әрекеттерінің түрлерін дұрыс анықтайды ☐ |
| Мектеп қауымдастығындағы мінез-құлық нормаларын анықтайды | 3 | Топта жұмыс істеу ережелерін анықтауда қиналады ☐ | Топта жұмыс істеу ережелерін анықтауда қателіктер жібереді ☐ | Топта жұмыс істеу ережелерін дұрыс анықтайды ☐ |

**«Туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

| | |
|---|---|
| **Бөлімше** | 1.3 Менің атамекенім<br>3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм |
| **Оқу мақсаты** | 2.1.3.2. Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету<br>2.3.5.1 ҚР мемлекеттік рәміздерінің мәнін түсіндіру |
| **Бағалау критерийі** | *Білім алушы*<br> Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, өз облысын анықтайды<br> Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сипаттайды |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну<br>Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 15 минут |

**Тапсырма**

1. Картамен жұмыс

1) Қазақстан картасынан өз облысыңды белгіле (✓).
2) Өз облысыңның орталығын (қаланың атауын) жаз.




| |
|---|
| Облыс орталығы - ……………………......................... қаласы. |

**2.** Сөйлемді толықтыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: __________, __________ және _____________. Олар мемлекеттің ___________________________________ білдіреді.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, өз облысын анықтайды | 1 | өзі тұратын облысты анықтайды; | 1 |
| | | облыс орталығын – қаланың атауын жазады; | 1 |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сипаттайды | 2 | Елтаңбаны жазады; | 1 |
| | | Туды жазады; | 1 |
| | | Әнұранды жазады; | 1 |
| | | мемлекеттік рәміздердің мағынасын анықтайды. | 1 |
| **Барлығы** | | | **6** |

**«Туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні** ____________________________________________

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Төмен | Орта | Жоғары |
| Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, өз облысын анықтайды | 1 | Қазақстан картасынан өзінің облысын анықтауда және облыс орталығының атауын жазуда қиналады ☐ | Қазақстан картасынан өзінің облысын анықтауда / облыс орталығының атауын жазуда қателіктер жібереді ☐ | Қазақстан картасынан өзінің облысын дұрыс анықтайды және облыс орталығының атауын жазады. ☐ |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сипаттайды | 2 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін анықтауда қиналады ☐ | Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін / мемлекеттік рәміздердің мағынасын анықтауда қателеседі. ☐ | Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін және олардың мағынасын дұрыс анықтайды ☐ |

# 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

## 1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 2-сыныпта «Дүниетану» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

## 2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

«Дүниетану» пәні бойынша (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы) бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы (1 - 4-сыныптар).

## 3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**3.1 Ұзақтығы -** 40 минут
**Балл саны -** 15

### 3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады.

Көп таңдауы бар сұрақтарда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушы сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

| № | Ортақ тақырып | Бөлімше | Оқу мақсаты | Тапсыманың сипаттамасы | Тапсырма саны | Жалпы балл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Менің мектебім | 1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы | 2.1.2.1 Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру | Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды. | 1 | 4 |
| | | | 2.1.2.4 Өз сыныбын сипаттау | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды. | 1 | 2 |
| 2 | Туған өлкем | 1.3 Менің атамекенім | 2.1.3.1 Өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұрғылықты жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды. | 1 | 3 |
| | | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 2.1.4.3 Көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату | Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды. | 1 | 3 |
| | | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және отансүйгіштік | 2.3.5.1 ҚР мемлекеттік рәміздерінің маңыздылығын түсіндіру | Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды | 1 | 3 |

1. **Тапсырма  үлгілері және балл қою кестесі**

**«Дүниетану» пәнінен 2 -тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары**

**1. Суреттерді  іс-әрекет түрлерінің атауларымен сәйкестендір.**



**Үзілісте демалу**



**Байқауға қатысу**



**Асханада тамақтану**



**Спортзалда жаттығу**

[4]

**2. Өз сыныбыңды сипаттап жаз.**

Біздің сынып ________________________________________________.

Біздің сыныпта ______________________________________________ оқиды.

[2]

**3. Суреттерге мұқият қара. Суретте бейнеленген көрікті жерлердің қайда орналасқанын жаз.**



1.



2.



3.

[3]

**4. Суреттердің тұсына көліктің түріне сәйкес нөмірді жаз.**

| жерүсті көлігі | су көлігі | әуе көлігі |
|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** |







[3]

**5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының элементтерін жаз.**




1.

2.

3.

[3]

## Балл қою кестесі

| № | Жауап | Балл | Қосымша ақпарат |
|---|---|---|---|
| 1 |  | 4 | Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады. |
| 2 | Үлкен / кең/ жарық / әдемі/тату. | 1 | Сұраққа сәйкес болатын басқа да жауаптар қабылданады. |
| | Ұлдар мен қыздар | 1 | |
| 3 | 1. Бурабай / Көкшетау | 1 | Балл қоюда сөздегі әріп қатесі ескерілмейді |
| | 2. Астана | 1 | |
| | 3. Алматы | 1 | |
| 4 |  | 1<br>1 | |
| 5 | Жұлдыз | 1 | Балл қоюда сөздегі әріп қатесі ескерілмейді |
| | Шаңырақ | 1 | |
| | Тұлпар / қанатты тұлпар / тұлпарлар | 1 | |
| **Барлығы** | | **15** | |

**5. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу ережелері**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

**6. Модерация және балл қою**

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

**3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**

**«Дені саудың – жаны сау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау**

| | |
|---|---|
| **Бөлімше** | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік |
| **Оқу мақсаты** | 2.1.4.1 Түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау<br>2.1.4.2 Күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру |
| **Бағалау критерийі** | *Білім алушы*<br>☐ Пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады<br>☐ Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелерін анықтайды |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну<br>Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 15 минут |

**Тапсырма**

1. Суреттерге мұқият қара. Пайдалы тағамды белгіле (⚐).







☐ ☐ ☐

2. Досыңа дұрыс тамақтану туралы 2 кеңес бер. Жаз.

________________________________________

________________________________________

3. Сөйлемдерді оқы. Қоғамдық орындарда сақталуға тиісті тәртіп ережелерін белгіле (⚐).

1) Жолдан бағдаршамның жасыл көзі жанғанда өту керек. ☐

2) Жолдың бойында ойнауға болмайды. ☐

3) Үзіліс кезінде дәлізде жүгіруге болмайды. ☐

4) Суға рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу керек. ☐

5) Аулада бөтен адамдармен сөйлесуге болмайды. ☐

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады | 1 | пайдалы тағамды анықтайды; | 1 |
| | | дұрыс тамақтануға қатысты бір кеңес береді; | 1 |
| | | дұрыс тамақтануға қатысты екінші кеңес береді; | 1 |
| Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелерін анықтайды | 2 | қауіпсіздік ережесін белгілейді (1); | 1 |
| | | қауіпсіздік ережесін белгілейді (2); | 1 |
| | | қауіпсіздік ережесін белгілейді (4). | 1 |
| **Барлығы** | | | **6** |

**«Дені саудың – жаны сау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

**Білім алушының аты-жөні**________________________________________________

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Оқу жетістіктерінің деңгейі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Төмен | Орта | Жоғары |
| Пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратады | 1 | Пайдалы тағамдарды анықтауда және дұрыс тамақтану туралы кеңес беруде қиналады ☐ | Пайдалы тағамдарды анықтауда / дұрыс тамақтану туралы кеңес беруде қателіктер жібереді ☐ | Пайдалы тағамдарды анықтайды және дұрыс тамақтану туралы кеңес береді ☐ |
